



СОЗДАН АЛЬЯНС УНИВЕРСИТЕТОВ АЛМАТЫ

В Алматы создан Альянс университетов, который объединил 38 вузов. Основная цель Альянса – привлечение потенциала преподавателей, ученых и студентов высших учебных заведений в реализацию программы «Рухани Жаңғыру». Одним из главных инициаторов его создания выступил КазНУ им. аль-Фараби, в стенах которого состоялось первое заседание организации.

Продолжение на 3 стр.

НӘТИЖЕЛІ МЕНЕДЖМЕНТ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 23-25 қаңтар аралығында ресертификациялық аудит өтті. Бұл университеттің сапа менеджменті жүйесінің (СМЖ) ISO 9001:2015 стандарты талаптарына сәйкестігін тексеруге бағытталған. Тексеру жұмыстарын TQCSI PTY LTD компаниясының аудиторлары жүргізді. Аудит аясында басқарудың процестік менеджментінің университеттің құрылымдық бөлімшелерінде жүзеге асуы да тексерілді.

Аудиторлар атап өткендей, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да СМЖ құжаттары мен құрылымдық бөлімшелердің жаңа құжаттарын ISO 9001:2015 стандарты талаптарына сай дайындау бойынша ауқымды жұмыс атқарылған.

Университет мамандары орын алуы мүмкін болатын тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және басқару үдерістерін жасап, оларды өз қызметтерінде қолданудың жолдарын көрсеткен. Қазіргі таңда процестік менеджментке жұмылдырылған қызметкерлер құрамы артып, бұл үдеріс одан әрі қарқын алуда.

Сондай-ақ үдерістердің нәтижелілігіне қойылатын талаптарды анықтау және бағалау механизмі жетілдірілген. Тексеру барысында кафедралар мен факультеттер деңгейіндегі жұмысқа толық SWOT сараптау жасау және оның негізінде жұмысты жақсарту бойынша жоспарларды дайындауда индикативтік көрсеткіштер жүйесінің тиімді қолданылып отырғандығы анықталды.

TQCSI компаниясының аудиторлары өткізген ресертификациялық аудиттің қорытындысы бойынша, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде процестік менеджмент табысты жұмыс істеуде және университет қызметі ISO 9001:2015 талаптарына сай сапа менеджменті жүйесімен басқарылуда деп мәлімделді.

Ресертификациялық аудит барысында екі жақты келісімге қол қойылды. Оның аясында «Стандартау, метрология және сертификаттау» мамандығы бойынша білім алып жатқан ҚазҰУ студенттері TQCSI компаниясы базасында тәжірибеден өтетін болады. Сонымен қатар осы TQCSI компаниясының «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» бағдарламасы аясында университеттің жұмысқа тұра алмаған және өзін-өзі жұмыспен қамтушы тұлғектері (300 адамға дейін) тегін оқытылатын болады.

Гүлшат МИНАЖЕВА,

процестік менеджмент секторының жетекшісі

Цифровые инновации КазНУ



Претворяя в жизнь задачи, поставленные в Послании народу Казахстана «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции», КазНУ реализует инициативы Главы государства. В 2015 году Президент Нурсултан Назарбаев на встрече с Председателем КНР Си Цзиньпинем предложил создать IT-технопарк мирового уровня по модели «Silicon Valley» на базе КазНУ. Осуществляя эту идею, вуз совместно с Альянсом университетов Нового Шелкового пути, который объединяет более 130 вузов мира, создает международный IT-технопарк.

Реализацию этого амбициозного проекта поддержали исполнительный комитет Альянса, а также представители Российского инновационного центра «Сколково», которые выразили готовность совместно с КазНУ работать в области инноваций, науки и высоких технологий.

Ядром технопарка станет суперкомпьютер, получаемый по гранту правительства Китая. Реализация проекта позволит создать единый центр обработки данных для вузов Казахстана и членов Альянса, предоставлять цифровые сервисы и проводить высокопроизводительные вычисления по научным проектам. Следует отметить, что суперкомпьютер КазНУ станет мощным вычислительным ресурсом, входящим в ТОП-500 в мире.

Сегодня в КазНУ определены ключевые направления развития IT-технологий – это внедрение: облачных технологий в автоматизации деятельности вуза; smart-технологий в управлении инфраструктурой кампуса; технологии Big Data для формирования аналитической системы; развитие аутсорсинга IT-услуг. С начала года в КазНУ открыт новый факультет IT, где концентрируется подготовка специалистов для сферы высоких технологий.

Признанием достижений и передовых позиций КазНУ в развитии и внедрении IT-технологий стало открытие ведущими мировыми компаниями «Microsoft», «Hewlett-Packard», «Cisco», «Konika Minolta», «Fujitsu», «Huawei», «Samsung», «Лаборатория Касперского» и другими своих научно-образовательных центров.

Так, всемирно известная компания «Майкрософт» высоко оценила работу университета в развитии и широком внедрении современных IT-технологий. КазНУ единственный из вузов стран СНГ был удостоен чести презентовать на саммите

«Microsoft Campus Connections» проект «E-campus», вызвавший большой интерес у представителей компании и зарубежных вузов. «Майкрософт», являясь стратегическим партнером КазНУ внедряет в университете облачную службу бизнес-аналитики «Microsoft Power BI».

В рамках университетской программы «E-кампус» все бизнес-процессы переведены в цифровой формат. Интегральное управление учебным процессом, научно-исследовательской, социальной, хозяйственной и административно-управленческой деятельностью обеспечивает Центр ситуационного управления, оснащенный современными средствами коммуникации.

Активное развитие IT- и технологий дистанционного обучения способствовало развитию открытого образования. Работа КазНУ по созданию собственных открытых онлайн-курсов позволила создать в 2016 г. совместно с Национальной академией наук Высшей школы Казахстана и при поддержке МОН РК Национальную платформу открытого образования (moocs.kz), которую поддержали вузы-члены Альянса университетов Нового Шелкового пути.

Сегодня КазНУ им. аль-Фараби является интеллектуальной корпорацией с научно-инновационной инфраструктурой, не имеющей аналогов в стране. В рамках комплексного научно-инновационного проекта «Al-Farabi university – smart city» осуществляется подготовка специалистов для новой цифровой экономики Казахстана и формирование мощной духовно-нравственной и интеллектуальной платформы для успешного развития конкурентоспособной нации.

ПРЕСС-СЛУЖБА

БҮГІНГІ САҢДА:

ЖЕМІСТІ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



2-бет

ТАҒЫЛЫМДЫ
ТӘЖІРІБЕ АЛАҢЫ



3-бет

ТЕРРИТОРИЯ СОТРУДНИЧЕСТВА,
НОВЫХ ВСТРЕЧ И ПОЗНАНИЯ



8-стр.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов Лотарингия университетінің вице-президенті Карол Томбрмен кездесті.

ЖЕМІСТІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



Кездесу барысында сөз бастаған ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов университетке қызығушылық білдіргені үшін делегация өкілдеріне алғыс айта отырып, Франция елінің жоғары оқу орындарымен ҚазҰУ-ды көпжылдық жемісті ынтымақтастық байланыстырып тұрғанын тілге тиек етті. Соның ішінде өзара қарым-қатынас аясы кеңейіп, жаңа сатыға көтеріліп келе жатқан Лотарингия университеті ҚазҰУ-дың сенімді серіктесі екендігін атап өтті. Ректор өз сөзінде: «Ағымдағы жылы ҚазҰУ ҚХР Үкіметінің гранты бойынша Жаңа Жібек жолы Университеттер альянсінің IT-технопаркінің негізі болатын суперкомпьютерге ие болады. Осы орайда ҚазҰУ базасында студенттердің білім алуымен қатар ғылыммен де тереңінен айналысуына мүмкіндік беретін оқу-зерттеу зертханасын ашуды ұсынамын, оның ашылуын Франция мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынастың 10 жылдығына орайластыруға болады. Мұндай орталық университеттердің ортақ базасына айналар еді және онда француз компаниялары ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін өз зертханаларын ашатын болады, – деді.

Лотарингия университетінің вице-президенті Карл Томбр ҚазҰУ тарапынан білдірілген ілтипатқа ризашылық танытып,

«Біз «Виртуалды госпиталь» жобасын ҚазҰУ базасына енгізу ұсынысын қолдаймыз. Қазір елімізде «Цифрлы Қазақстан» жобасы жүзеге асырылуда, сондықтан модельдеу, цифровизация, смарт қалалар, виртуалды жүйелермен байланысты барлық жобалар университетте қуана қабылданады», – деді ректор Ғалым Мұтанов.

Кездесу барысында тараптар жанартылатын қуат көздері, радиоактивті қалдықтарды сақтау, денсаулық сақтауды дамыту, компьютерлік технологиялар, геoinженерия салаларындағы өзара қарым-қатынас бағыттарын, сондай-ақ жазғы мектептер ұйымдастыру, академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында оқытушылар мен студенттер алмасу мәселелерін талқылады.

Баспасөз қызметі

ҚЫСҚА-НҰСҚА

Әл-Фараби кітапханасында баспа өнімдерін планетарлық сканерде жылдам цифрлау бойынша жаңа қызмет қосылды.

«ЭларСкан А2-300» планетарлық сканер – кітап-журналдарды, газеттерді және басқа да парақтары бекітілген түрлі құжаттарды А2+ форматына дейін жылдам цифрлауға арналған автономды желілік кешен. Ортасына қондырылған бесігі салмағы 10 келі, қалыңдығы 10 см-ге дейінгі басылымдарды түпнұсқасына зиян келтірмей және барынша жылдам сканерлеуге мүмкіндік береді.

ЭларСКАН А2 жұмыс станциясына қосылмай, автономды жұмыс істеп, тез сканерлеп, мәліметтерді тасымалдайды: сканерлеудің толық циклы 4 секундты құрайды. Сканерленген электрондық бейнелерді электронды почтаға немесе USB-тасымалдағышқа салып алуға болады.

Планетарлық сканермен жұмыс істеу бойынша толық ақпаратты оқу залының кітапханашы-менеджерлерінен алуға болады.

Әл-Фараби атындағы кітапхананың әдістемелік орталығы

2018 оқу жылында ҚазҰУ әскери кафедрасына оқуға түсушілерге байқау жарияланды.

Қазақстан Республикасының 25 жасқа дейінгі азаматтары, күндізгі оқудың I-курс студенттері, тіркелу куәлігінде «әскери қызметке жарамды» деген жазбасы бар және запастағы офицерлерді даярлау бағдарламасы бойынша оқудан өту үшін байқау іріктеуіне қатысқысы келетіндердің өтініші 2018 жылдың 12 ақпанынан 20 мамырына дейін қабылданады.

Өтініш иелері 2018 жылдың 31 мамырына дейінгі мерзімде қорғаныс істері бойынша басқармаларында тіркелу орны (әскери комиссариат) бойынша медициналық қараудан өтуі қажет. Кәсіби-психологиялық жарамдылықты және дене дайындығы деңгейін анықтау тексерісі әскери кафедрада жүргізіледі. Кәсіби-психологиялық тестілеу және дене дайындығы деңгейін анықтау мерзімі қатысушыларға қосымша ескертілетін болады.

ҚазҰУ әскери кафедрасы әкімшілігі

«Рухани жаңғыру» жобасы аясында физика-техникалық факультеті, жылуфизика және техникалық физика кафедрасының I-курс студенттері Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер мұражайында болып қайтты.

Басты мақсат – студенттердің рухану жандануын Қазақстан суретшілерінің туындылары арқылы эстетикалық қажеттіліктермен байыту, еліміздің және өзге де елдердің суретшілерінің еңбектерімен танысу.

Егеменді елдің әрбір азаматы еліміздің өткенінен сыр шертіп, ата-бабаларымыздан қалған салт-дәстүрді, құнды тарихты білу үшін мұражайға баруы тиіс. Мұражай адамның ішкі жан дүниесін нұрландырып қана қоймай, оны кеңейтуге, өткенге және келешекке сапар шегуге еркіндік береді. Осындай көзқарастағы физика-техникалық факультетінің студенттері барша жастарды мұражайларға жиі баруға шақырады.

Жылу физикасы және техникалық физика кафедрасы

Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА

РЕКТОРАТ

Жаңа жоспар – жаңа белес!

Ректорат мүшелерінің кезекті жиналысы механика-математика және ақпараттық технологиялар факультеттері кафедраларын алға жылжыту бойынша Жол карталарын талқылауға арналды.



Математикалық және компьютерлік пішіндеу кафедрасының менгерушісі Әлібек Исahов QS Subject Ranking бойынша жоспарланған тапсырмалардың орындалу барысын таныстыра отырып, алдағы уақытта кафедраның белсенділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған Жол картасын ұсынды. Токталар болсақ, біріншіден, академиялық эксперттік QS сайтында тіркеліп, үнемі ғылыми жаңалықтармен таныс болып отыру; Scopus базасында тіркелген Хирша индексі жоғары шетелдік авторлармен бірігіп, жарияланымдар мен монографиялар жариялау; студенттер мен ОПК-ның Scopus, Thomson Reuters базасында қалай мақала жазу керектігі туралы бағыт-бағдар беретін семинарларға барып, тәжірибе алу. Сонымен қатар коcдипломдық бағдарламаны шетелдік ЖОО-лармен бірге дамытып, қашықтықтан оқыту бағдарламасын жаппай онлайн оқыту курсы форматы бойынша орындау. Сондай-ақ шетелден немесе «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқыған түлектерді кафедраға маман ретінде тарту және магистранттар мен докторанттарды кафедраның әлеуметтік желідегі парақшасында белсенділік танытуға шақыру мәселесі де назардан тыс қалмады.

Механика кафедрасының менгерушісі Зәуре Рақышева болса жиырмаға жуық

имидждік жарияланымдарды шетелдік университеттердің сайтына және әлеуметтік желіге жариялау жоспарда барын айтты. Сонымен қатар кафедраның 2 халықаралық деңгейдегі ғылыми жобасы қаржыландыруға ие болған. Тағы бір халықаралық жоба қазіргі таңда жүзеге асырылуда. Оның айтуынша, Франция мемлекетінен 2 оқытушыны «Жюль Верн-Абай» бағдарламасының аясында кафедрада сабақ беруге шақыру жоспарлануда. Алдағы уақытта Total компаниясымен бірігіп жазғы мектеп ұйымдастыру қолға алынып отырғандығы да баяндалды.

Ректорат отырысында өзге де кафедра менгерушілері сөз алып, әлемдік рейтингте алға жылжу бойынша Жол карталарымен таныстырды. Оқытушы-профессорлар құрамы өз пікірлерін ортаға салып, ұсыныстарымен бөлісті.

ҚазҰУ-да Алматы қаласы ЖОО-ларынан құрылған Университеттер альянсінің алғашқы отырысы өтті

СОЗДАН АЛЬЯНС УНИВЕРСИТЕТОВ АЛМАТЫ

Продолжение. Начало на 1 стр.

В заседании приняли участие представители вузов и акимата г.Алматы, научной общественности и экспертного сообщества, молодежных организаций и средств массовой информации. Выступающими было отмечено, что Альянс станет креативной платформой для продвижения стратегии, диалоговой площадкой для обмена опытом и будет способствовать превращению университетов в драйверы духовной модернизации.

«Миссия университетов является важным фундаментальным компонентом духовного обновления нашего общества. Она заключается в формировании не только квалифицированных кадров, но и граждан страны. Патриотов, которые станут главными проводниками принципов модернизации сознания — конкурентоспособности, открытости, прагматизма, сохранения национального кода. Мы видим огромную роль преподавателей и студентов вузов в реализации программы «Рухани Жаңғыру», — отметила проректор КазНУ Шолпан Жаманбалаева.

Альянс ставит перед собой задачи по продвижению среди студенческой молодежи ценностей, которые определены в статье Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». Это в первую очередь культ знания, конкурентоспособность, прагматизм, открытость сознания и другие.



«Сегодня во всех университетах города ведется работа по «Рухани Жаңғыру». У каждого университета есть свои проекты. И через Альянс мы хотим объединить наши усилия в единое целое. Мы планируем реализовать общегородские проекты по различным направлениям», — сказал проректор КазНПУ им. Абая Жанатбек Шпекбаев.

В ближайшее время Альянс «University 38» планирует проведение ряда мероприятий — первого городского форума, научной конференции по тематике сакральных объектов, интернет-проектов по популяризации казахстанской культуры и др.

Соб.корр.

ЗАҢ САЛАСЫНЫҢ ЗАҢҒАРЫ

ҚазҰУ-да «Ештай Ақжан Жайлауханұлы атындағы сот мәжілісі және медиация оқу залы» ашылды.

Оқу залының ашылу салтанатында сөз алған университет басшысы Ғ.Мұтанов сот жүйесіндегі белді тұлғаның өнегелі еңбек жолына кенінен тоқталды. Заң саласындағы белгілі тұлға Ақжан Жайлауханұлы Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданындағы Екпінді ауылында дүниеге келген. 25 жасынан бастап судья болып еңбек еткен ол Қарағанды мемлекеттік университетінен жоғары білім алып, Торғай облысында еңбек жолын бастаған. Әр жылдары Ақмола, Оңтүстік Қазақстан облысының сот саласында аянбай тер төккен. 2013 жылы Алматы қалалық сотының төрағасы лауазымына тағайындалып, осы қызметті өмірінің соңына дейін абыроймен атқарды.

Қазақстан бойынша сот жүйесінде еңбек өтілі ең көп судья болған зангер жайлы жиынға қатысқан замандастары мен әріптестері жылы лебіздер айтып, естен кетпес естеліктерімен бөлісті. Олар Ақжан Жайлауханұлының тәуелсіз еліміздің сот жүйесі мен заң ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосқанын айтып, тұлғаның артына мәңгі өшпес із қалдырғанын ерекше атап өтті.

Баспасөз қызметі

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, журналистика факультетінің ұйымдастыруымен дәстүрлі түрде өтетін Бүкіләлемдік радио күніне арналған «Радио және спорт: білім қоғамын дамыту жолында» атты Халықаралық журналистика және коммуникация қысқы мектебі биыл бесінші рет шымылдығын ашты.

Алматы облысындағы Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық саябағы «Тау-Тұран» білім беру-сауықтыру кешенінде табиғат аясында өткен дәрістердің жас журналистерге берері көп болды. Қазақстанның барлық аймағынан жиналған жеткіншектермен қатар, көршілес қырғыз, ауған азаматтары да шараға үлкен қызығушылық танытты. Сонымен қатар, қысқы мектеп цифрлық радио технология, интернет және цифрлық сауаттылық бойынша жана дағдылар мен құзыреттілікті үйрену, радиожурналистикадағы спорт саласы білімін кеңейту мақсаттарын алға тартты. Шараның ашылу салтанатында Алматы қалалық ЮНЕСКО Кластерлік бюросының Байланыс және ақпарат мәселелері жөніндегі маманы Сергей Карпов, «Қазақ радиосы» Алматы студиясының бас редакторы Бақыт Құтпанбаев, Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау мемлекеттік университеті журналистика кафедрасының менгерушісі Мәншүк Мұқашева, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының менгерушісі Гүлмира Сұлтанбаева сөз сөйлеп,

Тағылымды тәжірибе алаңы

өз тәжірибелерімен бөлісті.

«Біз тек олимпиадалық ойындар жайлы айтып, жергілікті спортқа көңіл бөлмей келеміз. Мәселен, мектептерді шақырып, кішігірім матч өткізіп, сол туралы репортаж жасасак, мәдени-халықтық құрамалар құрып, оларды насихаттасак, бұл халыққа да, журналистерге де қызық болар еді. Қарапайым насихатталмай жатқан қысқы ойын түрлерін алып, елдің қызығушылығын арттыратын болсақ, бұл — үлкен жетістік. Бүгінгі қысқы мектеп келушілері осындай кенжелеп қалған спорт түрлері мен радионың кемшін тұстарын қадағалап, соны қолға алатынына сенемін», — деді Сергей Карпов. Ол, әлемдік статистика бойынша, спортшылар жайында шығатын бағдарламалардың төрт пайызы ғана әйелдерге тиесілі екендігіне назар аударды. Ұлттық спорт түрлеріне ерекше мән беруді ұсынған Сергей мырзаның сөзін белгілі журналист Бақыт Жағыппарұлы жалғады. «Қазақстанда радиоқұрылымын алғаш болып жасаған жалғыз радио бар. Ол — «Қазақ радиосы». Ал кейінгі шыққандары ізбасарлар. Биыл 97 жыл толып отырған ұлттық радиомыздың негізін қалаған Алаштың көсемі Ахмет Байтұрсынов болды. 1921 жылы 1 қазанда Орынбор қаласында республикалық «Қазақ радиосының» тұңғыш хабары шыққан. Бүгінде біз тәулігіне 24 сағат хабар таратамыз. Қос тілде жүргізілетін сан алуан жанрларды камтитын



хабарлар тындарман жүрегінен орын табуға», — деп радионың кешегісі мен бүгінгісінен сыр шертіп, тың ақпараттарды ұсынды. Радионың өзге ақпарат құралдарынан өзгешелігі, оның жұмыс істеу қарқыны, ақпарат таратудағы жылдамдығын да сөз етіп, шеберлік сағатын жоғары деңгейде өткізді.

Бұл күн ерекше мерекелік көңіл-күймен ерекшеленді. Қатысушылар арасында кол күрестіруден, гір тасын көтеруден шағын жарыс ұйымдастырылып, жүйріктер анықталды. Сонымен қатар әйелдердің спортқа, спорт журналистикасына келуі кенінен сөз етілді. БҰҰ Моделі — Жаңа Жібек жолы Тұрақты даму мақсаттарын Ауғанстанда дамыту жайында ауған студенттер мен «Сандық және ақпараттық сауаттылықты арттыру» жайында қазақ студенттерінің таныстырылымы көпшілік назарына ұсынылды.

Қысқы мектеп аясында «Мінбер» журналистерді қолдау орталығы» ҚК президенті, С.Демирел атындағы университеттің журналистика кафедрасының доценті Есенгүл Кәпқызы, спорт журналисі Рауан Оқас және «SportPortal» сайтының редакторы Мейіржан Жылқыбайдың шеберлік

сыныбы қатысушылардың білімін толықтыра түсті. Журналистің этикалық нормасы, ақпаратқа сілтеме жасау, шынайылығын тексеру, спорт журналистиканың ерекшеліктері мен қиындықтары, сайттағы спорт журналистикасы жайында әңгіме болды. Сондай-ақ «31» арнаның «ИнформБюро» жүргізушісі Ерқанат Көпжасар мен «Азаттық радиосының» тілшісі, Халықаралық олимпиада комитетінің жас репортері Руслан Меделбектің дәрістері де қатысушылар үшін өте қызықты болды.

Қазақстан жоғары оқу орындарының студенттері, магистранттар, PhD докторанттар, оқытушылар, республикалық және аймақтық БАҚ журналистері, онлайн медианың веб-редакторлары мен контент-редакторлары бас қосқан тәжірибе алаңы жоғары деңгейінде өтті. Болашақ журналистерге бағыт берген курс соңында 72 сағаттық біліктілікті арттыру жөніндегі куәліктер табысталып, қатысушылар өз шеберліктерін шындай түсті.

Назым СӘМЕТ,
журналистика факультетінің
2-курс студенті




Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кітапханасында «Өнегелі өмір» сериясымен қазақ музыкасын зерттеуші, көрнекті ғалым, әйгілі композитор, дирижер, Қазақстанның халық артисі, өнертану ғылымының докторы, профессор және алғашқы академигі Ахмет Жұбановқа арналған кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті.

ҚАЗАҚ МУЗЫКА ӨНЕРІНІҢ АЛЫП ТҰЛҒАСЫ

еніреген, туған жері үшін аянбай еңбек еткен азаматтардың өнегелі өмірін ұрпаққа үлгі ету. Ахмет Қуанұлы – біздің халқымыздың мақтан тұтар тұлғасы. Ахмет Жұбанов Қазақстандағы музыкалық мәдениет пен ғылыми мектептің дамуына субелі үлес қосты, сондықтан да тума талант, дархан дарын иесін біз әрқашан мақтан тұтамыз», – дей келе, жиналған қауымға алғыс білдірді.

Жиынға қатысқан Абай атындағы қазақ мемлекеттік опера және балет театрының директоры Асқар Бөрібаев: «Ахмет Қуанұлы – біздің еліміз үшін нөмірі бірінші музыкант, қазақтан шыққан тұңғыш әйгілі «Абай» операсын жазған кәсіби дирижер әрі композитор. Ең бастысы ол ата-бабаларымыздың ұлы мұрасын әлемге паш еткен тұлға. Егер кезінде Ахмет Қуанұлы қазақ музыкасын зерттемесе, біз Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина сынды кереметтей тұлғаларды және де олардың шығармашылығын



терең білмес едік», – деп ғалымның ерен еңбегіне тоқталды. Ол «Абай» қазақ опера репертуарының маңдайалды классикалық туындыларының бірегейі екенін баса айтты. «Бүгінде «Абай» операсы неміс, француз, орыс тілдеріне аударылып, халықаралық деңгейде Германия, Париж сынды әлем қалаларында сахналанп жүр. Әрбір қойылымдағы зал лық толы көрерменнің ыстық ықыласы – «Абай» операсының әлемдік деңгейде жазылғанын тағы да дәлелдей түседі», – деді ол.

Жанға жылу сыйлаған жарқын естеліктер легін Ахмет Жұбановтың қызы Ажар Жұбанова жалғады. Ол кітаптың шығуына мұрындық болған ҚазҰУ басшылығына және де үлес қосқан барша азаматтарға шексіз ризашылығын жеткізді. «Ахмет Қуанұлы талай талантты шәкірттерді тәрбиелеп, қазақтың музыка өнерінің дамуына талмай еңбек етті. Қазақтың халық музыкасын ерекше сүйіп, өмірінің соңына дейін зерттеп өтті. Халық шығармашылығынан мыннан астам ән мен күйді жазып алып, нотаға

түсіріп, артына өшпес мұра қалдырды. Бүгінгі «Өнегелі өмір» сериясымен жарыққа шыққан кітап өскелең ұрпақ үшін алтын мұра болып қалары анық», – деді Ажар Ахметқызы.

Сондай-ақ жиында көпшілік назарына композитордың өмірі мен шығармашылығына арналған деректі фильм көрсетілді. Онда көптеген құнды туындыларды дүниеге әкеліп, қазақтың домбырасын әлемге танытқан Ахмет Қуанұлының дара да, дана тұлғасы ашып көрсетілді.

Жылдар жылжып, заман қанша өзгеріске ұшыраса да халық ешқашан да өз елінің, жерінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлғаларды ұмытпауы тиіс. Осы орайда қазақ музыкасын өз өмірінің басты идеясына айналдыра біліп, өз ісінің хас шебері болған А.Жұбановтың әрбір шығармасы халық жадында жатталып, жүректерде сақталып, тарихымызда мәңгілікке алтын әріптермен жазылып қалары ақиқат.

Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА



ЦЕНТР ИМЕНИ МАХАТМЫ ГАНДИ

На факультете востоковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби состоялось открытие Центра имени Карамчанда Мохандаса Ганди. В церемонии открытия приняли участие Чрезвычайный и Полномочный посол Республики Индия в Республике Казахстан Шри Прабхат Кумар, Генеральный консул Республики Индия в г. Алматы Шри Мартин Сириас Слеменс, ректор КазНУ имени аль-Фараби Галым Мутанов, военный атташе Республики Индия в Республике Казахстан полковник Налаваде, деканы, преподаватели и студенты университета.



Посольства Индии в продвижении индийских исследований, изучении хинди и проведении культурных мероприятий. За двадцать шесть лет около двухсот студентов освоили языки хинди и урду. Среди них бакалавры, магистранты и PhD докторанты. Сегодня студенты, магистранты и докторанты КазНУ имеют возможность обучаться и проходить стажировки в вузах Индии как по линии правительственных грантов Индии, так и в рамках достигнутых договоренностей об академическом сотрудничестве.

Во время открытия Центра Ганди выступил Чрезвычайный и Полномочный Посол Республики Индия Шри Прабхат Кумар. Он отметил, что Казахский национальный университет имени аль-Фараби является одним из старейших и наиболее известных университетов Казахстана. «Я с удовольствием вспоминаю, что ваш университет удостоил почетную докторскую степень нашему вице-президенту во время его визита в Казахстан в апреле 2008 года. Это был момент гордости

для Индии и Казахстана, когда Индийская организация космических исследований (ISRO) успешно запустила на орбиту в феврале прошлого года Nano спутник, построенный Университетом имени аль-Фараби». Индия придает важное значение необходимости поощрения и продвижения исследований в области индологии как в Индии, так и за рубежом. Именно поэтому правительство Индии оказало техническую помощь в модернизации Центра индийских исследований на факультете востоковедения университета КазНУ. «Это очень уместно, что теперь Центр назван в честь Махатмы Ганди, который пользуется большим уважением в Казахстане. Правительство Казахстана отметило 125-летие со дня рождения Махатмы Ганди, выпустив по этому случаю две памятные марки 2 октября 1995 года. Для меня большая честь участвовать в торжественном открытии Центра изучения индийских исследований имени Махатмы Ганди, который, я уверен, еще больше укрепит тесное сотрудничество между Индией и

университетом имени аль-Фараби, а также будет способствовать поддержанию тесных и дружеских отношений между народами наших двух стран».

Сегодня в рамках программы «Привлечение зарубежных ученых в вузы Казахстана» в КазНУ приезжают ведущие профессора и ученые многих зарубежных стран, в том числе и Индии, для чтения лекций и осуществления научного руководства докторантами PhD. Индийское отделение факультета востоковедения активно участвует в организации международных научно-образовательных мероприятий в университете совместно с индийскими партнерами. Среди которых особо следует отметить празднование Международного дня языка хинди – государственного языка Республики Индия.

«В марте 2015 года делегация КазНУ в целях сотрудничества и обмена опытом посетила США, ОАЭ, Сингапур и другие страны, где находятся филиалы вузов Индии, и в результате было подписано соглашение о сотрудничестве с Университетом Amity. Также была достигнута договоренность о налаживании и развитии взаимовыгодного сотрудничества с Делийским Университетом и Индийским Институтом Технологии Дели, которые стали символами международной связи между двух стран», – отметил Галым Мутанов.

Отмечая важность сотрудничества двух стран, спикеры поздравили всех присутствующих с открытием Центра Ганди и выразили надежду на дальнейшее наращивание плодотворного двустороннего взаимодействия в области образования, науки и культуры. Гостям и участникам была представлена книжная выставка с материалами отечественных и зарубежных ученых-индологов на казахском, русском, английском и хинди языках. В завершение мероприятия Посол Республики Индия Шри Прабхат Кумар прочитал лекцию для студентов и преподавателей об истории и культуре своей страны.

Пресс-служба

9 ақпанда тарих, археология және этнология факультетінде «Интеграция және модернизация жағдайындағы Дүние жүзі тарихы және Еуразиядағы халықаралық қатынастар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтеді

Ғалым. Цетаз. Қуайраткер.

Елімізге белгілі ғалым-тарихшы, ұлағатты ұстаз, «Құрмет» орденінің иегері, ҚР ҰҒА Құрметті академигі, Гёттинген университетінің құрметті профессоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Қалқаман Тұрсынұлы Жұмағұлов биыл мерейлі 70 жастың белесіне шығып, ғылыми-педагогикалық қызметіне 46 жыл толуын атап өткелі отыр. Қазақстандық тарих ғылымында ортағасырлық Германия мен Еуропа тарихы мәселелерін зерттеумен айналысқан ғалымның өмір жолы өнегеге толы.

Қалқаман Тұрсынұлы 1948 жылдың 1 қаңтарында Талдықорған облысы (қазіргі Алматы облысы) Қапал ауданы Арасан ауылында дүниеге келді. Бала кезден бастап ол атасы Жабықбай, әжесі Ұлтуар және әкесі Ұлы Отан соғысының ардагері Тұрсын Жабықбайұлы мен анасы Кенжетай Бағырбекқызынан өз елінің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін бойына сіңіріп өсті. Арасан 11 жылдық мектебін бітірген соң Қ.Т.Жұмағұлов С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың тарих факультетіне оқуға түседі.

Студенттік кезде болашақ тарихшының қалыптасуына, оның кәсіби шеберлігінің ұшталуына факультет декандары – доценттер А.С.Сұрапбергенов, Ә.Ә.Чупеков, белді оқытушылар – Я.Д.Серовайский, Ж.У.Ибрашев, Д.И.Дулатова, А.Н.Зайкин, Р.Ф.Смирнова, В.А.Набатова, Б.Д.Даришев, К.П.Коржева, Қ.Л.Қосшанов, К.К.Қожахметов, Х.Б.Қалышев және т.б. көп ықпал етті.

Қызығы мол студенттік жылдары Қалқаман Тұрсынұлы өзінің өмірлік серігі София Ахметованы жолықтырады, екеуі бір курста оқыған болатын. 1972 жылы алты жылдық арнайы бөлімді бітіргеннен кейін Қ.Т. Жұмағұлов бірден-ақ жалпы тарих кафедрасының ассистенті қызметіне алынды. Түлектерді бөлу комиссиясы мәжілісін сол кездегі университет ректоры Ө.А.Жолдасбеков өзі жүргізіп, туған университетінде қалдырылған жас маманға табыс тіледі. Ол кезде университет түлегін бірден оқытушылық қызметке қалдыру өте сирек кездесетін жағдай еді.

1978 жылы аға оқытушы Қ.Т.Жұмағұлов Мәскеуде ММУ-дың ортағасырлар тарихы кафедрасына үш айлық тағылымдамаға жіберілді. Ол атакты кеңес тарихшылары – профессорлар А.Р.Корсунский, Е.В.Гутнова, А.Н.Чистозвонов, Н.Ф.Колесникий, Ю.М.Сапрыкин және басқа ғалымдардан кеңес-нұсқаулар алып тұрды. 1982 жылы КСРО ҒА Жалпы тарих институтында өткен біржылдық тағылымдама кезінде ізденуші кандидаттық диссертациясын аяқтайды. Ортағасырлар секторында, көрнекті ғалым-медиевист А.И.Неусыхиннің шөкірті аға ғылыми қызметкер Л.Т. Мильская ғылыми жетекші ретінде көмегін тигізді. 1983 жылы 25 сәуірде Қ.Т.Жұмағұлов Мәскеуде КСРО ҒА Жалпы тарих институты жанындағы докторлық және кандидаттық диссертациялар Ғылыми Кеңесінде «Проблемы аграрного строя древних германцев» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шығады. Ғылыми Кеңестің төрағасы, Жалпы тарих институтының директоры, танымал ғалым, КСРО ҒА корреспондент-мүшесі З.В. Удальцова, ерте дүние тарихы бөлімінің меңгерушісі, белгілі антикатанушы Е.С. Голубцова, тарих ғылымдарының докторы, белгілі ғалым В.Л. Мальков Қ.Т.Жұмағұловтың жұмысына жоғары баға берді.

Батыс, Орталық және Солтүстік Еуропаға қатысты ерте ортағасырлар тарихы бойынша ғылыми тақырыппен айналысуын одан әрі қарай жалғастырып, оның хронологиялық ауқымын кеңейтіп, әрі тереңдете отырып, Қ.Т.Жұмағұлов 14 жыл өткеннен кейін 1997 жылы «Основные

проблемы развития древнегерманского общества до Великого переселения народов» атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғайды. Бұл оның осы саладағы көпжылдық зерттеулерінің нәтижесі еді.

Өзінің кейінгі ізденістерінде Қ.Т.Жұмағұлов дүние жүзі тарихы тақырыптарын монографияларында, оқу құралдарында, оқу-әдістемелік басылымдары мен мақалаларында жалғастырды. Сөйтіп, ол Қазақстан тарих ғылымында алғашқы болып ғаламдық маңызға ие Германия және Еуропаның ортағасырлық тарихы мәселелерін зерттеді. Ерте ортағасырлар дәуіріндегі герман халықтарындағы феодализм генезисінің теориялық аспектілерін зерттеуге зор үлес қосты, шет тілдеріндегі жазба деректер мен қазіргі археологиялық деректер, этнология, антропология, лингвистика, сондай-ақ бірқатар жаратылыстану ғылымдары мен ХХ ғ. екінші жартысы – ХХІ ғ. басындағы пәнаралық ізденістер негізінде аталған мәселелерге кен талдау жасады.

Қайта құру мен КСРО ыдырауына тұспа-тұс келген күрделі өтпелі дәуірде, 1987-1992 жылдары Қ.Т.Жұмағұлов факультет деканы ретінде оқу-тәрбие процесін жетілдіру мен факультеттің ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру ісіне көп еңбек сіңірді. Оның бастамасымен ҚазҰУ-дың тарих факультетінде алғаш рет жаңа мамандықтар мен мамандану топтары ашылды (тарих-география, тарих-құқықтану, тарихшы-мұрағаттанушы).

1989 жылы декан Қ.Т.Жұмағұловтың бастамасымен алғаш рет ол кездегі бүкіл Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы жалғыз жалпы тарих бойынша кандидаттық диссертация қорғау Ғылыми Кеңесі ашылды. Осы Кеңесте көршілес одақтас республикалардан да аспиранттар мен ізденушілер келіп қорғап жататын.

Қ.Т. Жұмағұловтың декандық қызметінің екінші мерзімінде де 2000 жылдары уақыт талабына жауап беретін жаңа пәнаралық мамандықтар бойынша кадр дайындау басталды. «Тарихнама және деректану» мамандығы ашылды, магистранттар, аспиранттар мен стажерлар саны артып, докторантураға қабылдау өсті. Сонымен қатар, ең маңыздысы факультет Германия, Түркия, Австрия, Франция, Дания, Швейцария, Қытай, АҚШ, Польша, Канада, Жапония, Иран және басқа да алыс-жақын шет елдердің бірқатар университеттерімен, ұйымдарымен ғылыми байланыс орнатты.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан тарих ғылымы алдында әлемдік тарих бойынша өзінің ғылыми-педагогикалық кадрларын дайындау қажеттігі тұрды. Декандық қызметпен қатар, кафедра меңгерушісінің қызметін атқара келе, бұдан кейінгі уақытта Қалқаман Тұрсынұлы жаңа маман дайындаушы кафедраның жұмыстарымен толықтай шұғылданауға ойысып кетті. Кафедра бүгінгі келбетіне ие болып, танымал болғанға дейін көптеген күрделі жұмыстар атқарылды.

Ғылыми зерттеулерді ұйымдастырушы ретінде кафедра меңгерушісі Қ.Т.Жұмағұлов «Еуразияшылықтың тарихи тамырлары, оның әлемдік тарихтағы рөлі» тақырыбында жетекшілік етті. Бұл тақырып шеңберінде зерттеудің басты объектісі Орталық Азияның, түркі әлемінің және Қазақстанның жандық әлемдік-тарихи процесітегі орнын анықтау болды.

Университет имиджін көтеру және білім беруді интернационалдандыру мақсатында ректор академик Ф.М.Мұтановтың тікелей қолдауымен, кадрларды дайындау және қос диплом бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және әлемдегі белгілі университеттердің бірі – Sapienza Università di Roma арасында меморандумға қол қойылды. Мәскеу қаласындағы Ресей Мемлекеттік Гуманитарлық университетімен мұрағаттану мамандығы саласында қос дипломдық бағдарлама жасау үшін, кафедра профессорларын жіберіп, өзі басқарып отырған орталық арқылы олардың жолын қаржыландырды. Осының арқасында қазір Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасында мұрағаттану және

тарих мамандықтары бойынша қос дипломдық бағдарламалар жұмыс істеп жатыр.

Сондай-ақ Еуропа, АҚШ және Монғолия университеттерінің шақыруымен профессор Қ.Т.Жұмағұлов шет тілінде ғұндар тарихы, Орталық Азиядағы түркі әлемі, Еуразия және Қазақстан тарихын қоса отырып, «Әлем тарихындағы Батыс пен Шығыс» тақырыбында дәрістер оқыды, баяндамалар жасады.

«Халық тарих толқынында» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 2014-2015 жылдары екі мәрте Римге Ватиканның Апостол кітапханасының қорлары мен бөлімдерінде және Ла-Сapienza университетінің кітапханасында ғылыми іс-сапарда болған профессор Қ.Т.Жұмағұлов Батыс және Шығыс, Ұлы Жібек жолына және Қазақ хандығының тарихына қатысты латын тілінде жаңа деректік мәліметтер анықтаған.

Манускриптері көне, құндылығы жоғары, библиографиялық жағынан сирек кездесетін құжаттары бойынша Еуропада бірінші орын алатын Ватиканда, Ватиканның Апостол кітапханасының қорлары мен бөлімдерінде ғылыми-ізденіс жұмыстарын жүргізіп, Түркі әлемі– Ғұн империясы, Авар және Түркі қағанаттары тарихына және орта ғасырлар кезеңіндегі Қазақстан территориясындағы мемлекеттік және тайпалық бірлестіктерге қатысты жаңа деректік мәліметтер анықтаған. Бұл деректердің басым бөлігі латын тілінде жазылған. Профессордың ізденісі нәтижесінде Ватиканда Аттиляның үшінші бейнесі табылған. Ол осы уақытқа дейін бірде-бір Ғұн империясы мен Римге қатысты басылымда кездеспегенін баса көрсетуге болады.

Университет қабырғасында ғылыми-педагогикалық қызметпен айналыса отырып, әлемдік тарихтың ғаламдық мәселелерін зерттей жүріп, профессор Қ.Т. Жұмағұлов Еуропа мен Еуразия және Орталық Азия тарихы бойынша тарих ғылымының дамуына орасан зор үлес қосты. Ол қазақ, орыс, және шет тілдерінде 400-ден астам еңбек жариялады. Солардың ішінде: «Древнегерманское общество: проблемы и концепции» (1993), «Хозяйственная жизнь древних германцев в свете современных научных дисциплин» (1997), «Очерк этногенеза, материальной и духовной культуры германцев на современном этапе исследования» (2000), «Проблемы истории германских племен (с древнейших времен до начала средних веков» (2002), «Алтын Орданың халықаралық сауда-экономикалық байланыстары (XIII-XIV ғғ.)» (2016) атты және басқа да монографиялары бар. Оның қаламынан көптеген оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен мақалалар жарық көрді.

Профессор Қ.Т.Жұмағұлов әлем тарихының қазақстандық мектебін қалыптастырды. Оның жетекшілік етуімен 3 докторлық, 16 кандидаттық диссертация, 6 докторлық диссертация (PhD), сондай-ақ көптеген магистрлік диссертациялар қорғалды.

Қ.Т. Жұмағұловтан тәлім алған әр жылдардағы тарих факультеті түлектерінің қатарынан Ж.Асылбекова, Г.Мендіқұлова, Е.Сыдықов, К.Ахметов, Ж.Таймағамбетов, Г.Ким, Г.Далабаева, К.Байзақова, К.Несипбаева, Р.Жарқынбаева, М.Губайдуллина, С.Борбасов, Г.Сұлтанғалиева, Ж.Құндақбаева, Ф.Кукеева, Г.Хабижанова, И.Черных, Л.Қожақеева, А.Қалыш, Ш.Әмірбеков, Т.Мекебаев, Л.Ерекешева сияқты қазіргі ғылым докторларын, профессорларды атауға болады.

Қазіргі таңда ол аталған кафедраның профессоры, дүниежүзі тарихын зерттеу бойынша Республикалық ғылыми-зерттеу орталығының директоры.



Кафедра меңгерушісі қызметінде 25 жыл бойы үздіксіз атқарған еңбегі, қомақты табыстары үшін Ғылыми кеңес шешімімен профессор Қ.Т.Жұмағұловқа «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Құрметті кафедра меңгерушісі» атағы берілді.

Профессор Қ.Т.Жұмағұловтың ғылыми жетістіктері бірнеше дүркін Халықаралық ғылыми гранттармен атап өтілді. Ол Қазақстанда Халықаралық ДААД грантының жалғыз алты мәрте иегері: 1995, 1997, 1999, 2003, 2007, 2011 жж. ҚР Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен «Құрмет» орденімен (2006 ж); «ҚР ғылымының дамуына сіңірген еңбегі үшін» төс белгісімен, «ҚР білім беру ісінің Құрметті қызметкері», «Ы.Алтынсарин», «А.Байтұрсынов» және «Әл-Фараби» үлкен күміс медальдарымен, ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерейтойлық медалімен марапатталды. «ЖОО Үздік оқытушысы» республикалық грантының иегері, Алматы облысының «Құрметті» азаматы.

Ғалым, педагогтың талабы мен дарыны және ұйымдастырушылық қасиеттері, еңбекқорлығы мен адамдарға деген ілтипаты – Қ.Т.Жұмағұловтың кәсіби және қоғамдық істегі жетістіктерінің жемісі. Қалқаман Тұрсынұлы өзінің 70 жасқа толған мерейтойын көрнекті ғалым, беделді педагог, ынтымағы жарасқан отбасының иесі ретінде қарсы алып отыр. Жұбайы София Тұланқызы екеуі екі бала өсірді: ұлы Санжар – заңгер, ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Әділет кеңесшісі, қызы Жанна – Вестфаль университетінің (Германия) құқықтану мамандығы бойынша докторанты.

Кейінгі толқын тарихшыларға ақыл-кеңес беріп, жаңа заман мамандарын тәрбелеуге сүбелі үлес қосып отырған ұлағатты ұстаз, тәжірибелі ғалымды тарих, археология және этнология факультеті және өзі негізін қалаған дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы ұжымы атынан мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Деніңізе саулық, отбасыңызға амандық, бақ-береке тілейміз. Еңбегіңіздің жемісін көріп, абыройлы қызметіңізде зор табыстарға жете беруіңізге тілектеспіз!

Тарих, археология және этнология факультеті мен Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы атынан т.ғ.к., доцент Р.С. МЫРЗАБЕКОВА

ПАМЯТИ ПРОФЕССОРА ЯКОВА ДОРФМАНА

В феврале 2018 года исполнилось бы 80 лет выдающемуся ученому, доктору химических наук, лауреату Государственной премии Республики Казахстан, профессору Дорфману Якову Аврамовичу. Казахская научная школа, созданная академиком Д.В.Соколовским, охватывает наиболее актуальные проблемы современной теории и практики катализа и до сих пор занимает ведущее место в мировой каталитической науке. Академик Д.В.Соколовский воспитал не одно поколение казахстанских каталитиков, вносящих по сей день свой вклад в развитие отечественной науки. Одним из ярких учеников и последователей идей академика Соколовского являлся наш научный руководитель и наставник профессор Яков Аврамович. Мы благодарны судьбе за встречу и за долгие годы общения с ним. Он смог увлечь и нацелить не одного молодого учёного заниматься научной деятельностью в области катализа. Его научные труды ещё долгое время будут служить новым поколениям учёных, из которых они смогут почерпнуть не только конкретные факты и сведения, но и идеи и подходы к решению стоящих перед ними научных задач и к познанию ещё не раскрытых законов катализа.

Археология, этнология және музееология кафедрасының «Археолог» үйірмесінің ұйымдастыруымен тарих, археология және этнология факультетінің 1, 2, 3-курс студенттері Алматы қаласынан солтүстік-батысқа қарай 170 шақырым жерде Алматы облысының Шу-Іле тауларының оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан «Тамғалы» петроглифтеріне саяхат жасап қайтты.

«ТАМҒАЛЫ» КЕШЕНІНЕ САЯХАТ

Экскурсияның негізгі мақсаты – тарих, археология және этнология факультетінің студенттерін ЮНЕСКО-ның әлемдік мұралар тізіміне енген, б.з.д. XIV – б.д. VI–VIII ғғ. аралығын, яғни қола дәуірінен көне түркі кезеңдері аралығын қамтитын әлемдік маңызы бар Тамғалы археологиялық кешенімен таныстыру, Отандық тарихқа деген қызығушылығын арттыру.

«Тамғалы» шатқалындағы алғашқы петроглифтер 1957 жылы Қазақстанның кәсіби археологы Анна Георгиевна Максимова жетекшілігіндегі ғылыми зерттеушілер тобынан шыққан А.А. Поповпен суретке түсірілді. Экскурсия барысында студенттер «Тамғалы» тастарындағы суреттердің көне және ең әсерлі сериясын құрайтын, орта қола дәуірінің петроглифтары эстетикалық және мәдени құндылықтарға ие көріністерімен таңғалды. Сол кездегі тастағы бейнелеу өнерінің шеберлерін күн күдіреті («күнбастылар»), «маскарадшылар», шокпарұстаушылар, қасқыр маскасындағы садақшы, қару ұстаған жауынгерлер, малдар мен адамдарды құрбандыққа шалу көріністері, жас босанған әйелдер, арбалар, түрлі белгілер, символдар, сондай-ақ бұқаларды, құландарды, аттарды, түйелерді, қабандарды, қасқырлар мен бұғыларды бірнеше рет бейнелеу сияқты ойларының кендігі ерекшелендіріп тұрған. Міне, осы кездің бәрінде, бірнеше мыңжылдықтар бойы мұнда адамдар тұрғылықты өмір сүрген, бұған дәлел – тастан қаланған үйлер мен мал кіргізетін қоралардың орны, ыдыстардың сынғы және тастан, тәмірден, сүйектен жасалған бұйымдар. Жыл сайын бұл жерге көптеген туристік топтар мен мындаған жолаушылар ат басын тірейді.

Ұйымдастыру барысында белсенділік көрсеткен «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығының 1 және 2-курс топтарының куратор-эдвайзерлері Г.А.Мейрманова, С.Т.Шәкенов, сондай-ақ «Археология және этнология» мамандығының 3-курс студенттері Әкежан Кенесов, Бағлан Мұхамбетсалыұлы, Әділет Қасым, Балжан Кенесбекке айрықша алғыс білдіреміз. Көне тарихты көзбен көріп, қолмен ұстаған біздің саяхатшы студенттерімізді «Тамғалы» танбалы тастар кешені баурап алды. «Археолог» үйірмесі ұйымдастырған саяхат студенттердің естерінде мәңгі ұмытылмас әсер қалдырды деген сенімдеміз. Алдағы ұйымдастыратын сапарымыз сақ кезенінің аса ірі ескерткіші – Бесшатыр кешені болмақ.

**Б.Б. БЕСЕТАЕВ,
С.А. САПАТАЕВ,**

археология, этнология және музееология кафедрасының аға оқытушылары



была испытана новая каталитическая технология получения ам-мофоса и оксида углерода из печного газа фосфорного производства.

За свою недолгую жизнь Я.А.Дорфман подготовил 32 кандидатов и 2 доктора наук, опубликовал 5 монографий, 260 научных статей, получил 170 авторских свидетельств СССР и патентов, был соруководителем первого международного научного проекта с участием ученых Казахстана, Израиля и США. За активное проведение фундаментальных и прикладных исследований в приоритетных для государства направлениях Я.А.Дорфман был награжден почетным знаком изобретатель СССР, двумя серебряными медалями ВДНХ, медалями «За доблестный труд» и «За трудовую доб-лесть».

Якова Аврамовича отличали огромная работоспособность и бесконечная преданность науке, способность заряжать сотрудников своей энергией и увлекать их своими оригинальными идеями. В памяти своих учеников профессор Я.А.Дорфман навсегда остался как строгий и заботливый руководитель, первооткрыватель новых научных направлений, образец служения науке и стране.

Д.Н. АКБАЕВА,

д.х.н., доцент кафедры физической химии, катализа и нефтехимии;

Г.С. ПОЛИМБЕТОВА,

д.х.н., главный научный сотрудник Института топлива, катализа и электрохимии им. Д.В. Соколовского;

Р.Р. АБДРЕИМОВА,

к.х.н., ведущий научный сотрудник Института топлива, катализа и электрохимии им. Д.В. Соколовского

субстратов внесли значительный вклад не только в малоизученную органическую химию соединений низковалентного фосфора, но и в общую теорию катализа.

В 1974 г. Я.А.Дорфману была присуждена Государственная премия Республики Казахстан за цикл работ по катализу. Результаты научной работы Я.А.Дорфмана с сотрудниками имели не только теоретическое, но и большое прикладное значение. Разработанный в лаборатории нанесенный иодид-хромовый катализатор тонкой очистки карбидного ацетилена от примесей (ТУ-6-21-33-78) выпускался Минхимпромом СССР в объеме 500 тонн в год и применялся на десятках заводов СССР и стран СЭВ. Совместно с ВНИИ автогенмашем была разработана установка «УЖО-1» с растворенным хлорид-медным катализатором производительностью 120 м³/час, которая изготовлялась Минхиммашем по 2-3 штуки в год и применялась для очистки ацетилена. Иодид-гипохлоритный способ очистки ацетилена от фосфина и арсина использовался на Болоховском и Ново-черкасском химкомбинатах. Нанесенные катализаторы окисления токсичных примесей кислородом воздуха использовались при производстве легких бесклапанных, пылегазозащитных респираторов «Лепесток В-1» (ТУ-88-КазССР-1-86), выпускавшихся Минобороны в количестве 5 млн. штук в год. Эти респираторы применялись для защиты органов дыхания от вредных газов на заводах фосфорной промышленности, минеральных удобрений, цветной металлургии Казахстана, а также при ликвидации аварии на Чер-нобыльской АЭС. Новый механокаталитический способ очистки фосфорных шлаков от фосфидов был внедрен на цементных заводах Казахстана для получения бесцементных вяжущих и шлакопортландцементов. На ДПО «Химпром»

Я.А.Дорфман родился 7 февраля 1938 года в г. Умань Киевской области. После эвакуации вместе с семьей в 1941 г. он жил, учился и работал в Казахстане. После окончания химического факультета КазГУ им. С.М. Кирова Я.А.Дорфман в 1961-1964 годах работал инженером на Карагандинском заводе синтетического каучука в городе Темиртау, а затем в Институте химических наук АН КазССР им. А.Б.Бектурова, где защитил кандидатскую диссертацию в 1966 году.

С 1969 года и до последних дней жизни трудовая деятельность Якова Аврамовича была связана с Институтом органического катализа и электрохимии им. Д.В.Соколовского. Он был бессменным руководителем лаборатории гомогенного катализа, а также занимал ответственные посты в научном руководстве Института и Академии в должности заместителя директора ИОКЭ, заместителя председателя Специализированного совета ИОКЭ АН КазССР и Научного совета по катализу АН КазССР, членом Специализированного совета ИХН АН КазССР.

Научные интересы профессора Я.А.Дорфмана были тесно связаны с актуальными практическими проблемами и запросами промышленности Казахстана. Он и его сотрудники решали проблемы обезвреживания и утилизации фосфина, арсина, сульфана, диоксида серы, оксида углерода, фосфора и фосфидов металлов, являющихся многотоннажными отходами фосфорной промышленности. Яков Дорфман впервые применил комплексы переходных металлов для активации этих соединений в гетеролитических органических и неорганических процессах. Полученные данные о кинетике, термодинамике и механизме прямых каталитических реакций О-, N-, C- фосфорилирования органических

■ ПРОЗА

– Білесін, де, Айым, ақ, мақта
секілді аспанда шашырап
жатқан ақ, дұлттар қандай
әдемі? Шекеіз, аспанның, шетін
табамын деп теңселейін. Қанша
ұмтылған, да шеті көрінбейді.
Кешкі күннің, батуын айтсаңшы,
қызарандап батып бара жатқан
күн адамзатты тастап бара
жатқанына ұялатындай.
Иә, ол сол үшін қызарады,
бізді қилтайды, қараңғылыққа
тастағымыз келмейді. Осы
көрініетін, өзі өте әдемі. Аспан
сұлулықтың, мекені ғой. Ол
бәрімізді бақылап отыратындай,
мені де, сені де, өзгені де. Мен сол
жерге барғым келеді...



Досым, сен үшін...

кеткен сәттерінде Айым үшін өмір сүреді.

Таң бозарып келеді. Айым көз ілмеді. Мен кетсем Асылға кім қарайды деп уайымдады. Ең ауыры, оған кетерін қалай айтпақ. Егер айтар болса Асылдың жібермесі анық. Бірақ Айымның өзі Асыл үшін аттанып барады ғой. Оқу оқып, жұмыс атқарып қаражат тапса, Асылдың өмірін түбегейлі өзгертер еді. Көзін емдетіп, өзі армандаған шексіз аспанның күннің батқанын көрсететін еді. Міне, Айымның асқақ арманы. Айым Асылға ештеңе айтпай-ақ жол тартпақ болды.

Күн сәскеден асқан уақ. Асыл Айымды уайымдап үйіне келе жатыр. Күнде түске дейін Айым төбесін көрсетіп бір келіп кететін, келмесе хабарласып айтып қоятын. Бұл жолы үн-түнсіз. Асыл шулаған балалардың: «Айым әпке, сау болыңыз? Бізді ұмытып кетпеңіз? Бізге қаладан тәттілер әкелуді де ұмытпаңыз? Асыл әпкеге өзіміз қарайлап жүреміз» деген сөздерін естіп, есеңгіреп қалды. Не болып жатқанын білер емес. Жазира апайдың да: «Қызым, уайымдама! Асылыңа өзім қарап жүремін, ауырып қалаға кетті дермін. Кәне, жылжи ғой», – деп көлікке отырғызғаны, көлік есіктерінің тарс жабылғаны айна қаперсіз Асылға естіліп тұрды. Асыл не істерін білмеді, не болып жатқанынан хабарсыз. Бір білері Айым ұзақ сапарға кетіп бара жатыр. Көзінің сәулесі алыстап бара жатқан секілді. Асылдың көз алды бұрынғысынан бетер қараңғы басқандай. Әлгі көліктің Асыл жаққа жылжып келе жатқаны естілді. Асыл қуанып кетті. «Мені жалғыз тастап кетпейді, Айым қазір бәрін түсіндіреді» – деп жас аралас бетіне күлкі үйірілгені сол еді, машина зу етіп өте шықты. Асылдың өне бойы дір етіп, кеткен көлік артынан жүгіре бастады. Көзінің көрмегеніне қарамай жүгіріп келеді, жас жүректің дүрсілі үдеп, егізін іздеп

шарқ ұрады. Құдды көзі көретін адамша жүгіріп келе жатқан Асыл «кетпе, кетпе, Айым» деумен келеді. Алдында жатқан үлкенірек тасқа сүрініп құлаған Асылдың тұруға дәрмені келмей, «Кетпеші, көзімнің сәулесі, кетпеші аспаным, сенсіз өмір сүре алмасымды білесің ғой. Көзім көр болса да, сенің әсем суреттеуің арқылы әлемді жүрегіммен көретін едім ғой. Өмірдің қаталдығын сенің қолдауың арқылы жеңіп келе жатыр едім ғой, досым. Кетпеші, жалғыз тастамашы мені», – деп егіле жылады. Жанына жиналған бір топ адам ауыз ашпады. Не айтарын, не деп жұбатырын білмеді. Кеш түскенше Асыл орнынан тапжылмады, құдды Айым келіп қалардай күте берді.

Айымның анасы Жазира апайдың «Қызым-ау» деген жан даусы кешкі ауылды тіліп түсті. Түстен бері ес білмей отырған Асыл селк ете қалды. Жүрегі сыздап қоя берді. Бір жайсыз хабардың болғандығын біліп, Айымның үйіне қарай сүрініп-шалынып барады.

Айым жол апатына ұшыраған екен. Жағдайы ауыр, хәл үстінде. Жазира апай, күйеуі, Асыл үшеуі дереу жолға аттанды. Асылдың өні боп-боз. Ләм деп ауыз ашпайды, жанындағы ана мен әкенің зар илеп отырғаны да қызықтырмайды. Көлік терезесінен аспанға қарап қадалып қалған.

Ауруханаға келген үшеуі абыр-сабыр, жылап-сықтап дәрігердің сөзін тындап тұр. Асыл медбикеден парак пен қалам беруін өтінді. Дәрігер ұзын-сонар әңгіме бастап кеткен секілді. Таластайын демейді. Ана бейбақ жылаумен жанарын жасқа малып тұр. Әке байғұс «қызым-аудан» басқа ләм демейді. Дәрігер әлі сөйлеп жатыр...

Таң атты. Айым есін жиды. Қасында анасы отыр екен. Аймаласып, құшақтасып болған соң Айым: «Асыл бұл жағдайды біліп қоймады ма?»

– деді анасына жәутендеп. Анасы қалтасынан төрт бүктелген қағазды шығарды да, қызына табыстап, шыдай алмай, жанарына жас тығылған күйі жүгіріп сыртқа шығып кетті.

Бүктелген қағаз ішінде бүкіл ғұмыр жатқан болатын...

«Үшінші сынып оқимын. Сыныптастарым мені «соқыр, мүсәпір» деп кемсітті. Сонда алдыңғы тұстан әсем дауыспен, бірақ, қатқыл сөйледі бір қыз. «Естерің дұрыс па! Жоламаңдар Асылдың жанына! Үндерің де шықпасың!», – деп мені құшақтады. Ызадан жылап жібердім. Сондағы айтқан сөзі әлі есімде. «Жылама, сен мықтысың. Ботам, бәрі жақсы болады».

Міне, осы сөздерді айтқан жан Айым еді. Сол сәттен бері айрылмас дос болып келеміз. Күнде мектепке өзі апарып, өзі алып келетін, киімдерімді жуып, бөлмемді тазалап беретін. Мен оған көп әңгіме айтатынымын. Аспан жайлы, өзімнің «әлемім» жайлы. Ол жылап қалатын, бірақ маған білдірмейді.

Бесінші сынып болса керек. Жеңем ыдысты сындырғаным үшін әбден сокқыға жықты. Аяғымды бір жұма баса алмадым. Сол кездері Айым «мен бармаймын» десем де, «сабақтан қалып қоясың» деп мектепке аркалап апаратын. Кейде аяғы шалынып құлайтын. Мен де оңбай құлап, аяғымды қайта ауыртып алатынымын. Сол мезетте Айымның өзі де жылап жіберетін, ызадан, кеудесін тескен өкініштен жылайтын. Сонда да маған білдірмейді.

Ол маған аспанды әсем суреттеп беретін. Көзіммен көріп отырғандай болатынымын. Кейде: «Құр қиялға салынба, соңынан еріп кетесің, үлкендерше ойлан, сезін. Ертегі ертегі күйінде қалады, ал өмір ащы келеді. Қиялыңды доғар», – деп ұрсып алатын. Міне, сойтіп жүріп жасымыз он жетіге де келіп қалыпты. Басқа сыныптастарымның айтуынша, Айым ауылдағы ең әдемі қыз екен.

Айым бұл хатты оқып отырған боларсың, мен сенің қалаға кетеріңді біліп жүргем, көңілім сезді. Алайда, сенің жылдар бойғы көмегіңді қалай қайтарамын деп ойладым. Саған бауыр басып қалғаным сонша «сенсіз қалай өмір сүремін» деп қатты толғандым. Бірақ өзің айтпақшы, бұл өмір ертегі емес. Тәттісінен ащысы молдау болады. Бір өкініштісі, қаншама жыл жанымда жүріп, мені өз ырыққа көндіре алмадың. Дәрігер сенің өлетіңді айтты, көп сөйледі. Мен дәл қазір сенің жаныңда отырмын, сенімен қоштасуға келдім. Мен өзімнің аспан әлеміме кетіп барам.

Мені сағынсаң, күнге қара. Жылы шырай танытып, «Айымым, қалайсың?» деп бетіне нұрымды төгем. Түнде төбендегі ең жарық жұлдыз да мен боламын. Ол болмайды десен, кеуденің сол жағынан шыққан үнге құлақ сал. Иә, дәрігер жүрек керек деді. Ойланған жоқпын, жүрегімді саған табыстадым. Бәрі де сен үшін! Досым, сен үшін...».

Альфия АДАМБЕК,
журналистика факультетінің
1-курс студенті

Ежелден бері ата-бабамыз қыз баласына көп көңіл бөлген. «Қыз өссе, елдің көркі, гүл өссе, жердің көркі», «Анасына қарап қызын ал, ыдысына қарап асын іш», «Қызға қырық үйден тыю», «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген сияқты қазақ халқында қыз тәрбиесіне байланысты ақыл, дана сөздер өте көп. Басты мақсат – өнегелі, иманды, сыпайы да биязы қыз, аяулы жар, ардақты ана тәрбиелеу. Осы орайда биология және биотехнология факультеті, биофизика және биомедицина кафедрасының 1-курс магистранттары куратор-эдвайзер А.Ә. Маутенбаевтың ұйымдастыруымен «Қыз – ұлт анасы» тақырыбында ашық тәрбие сағатын ұйымдастырып, қыздар арасындағы мәселелерді талқылады.

Қыз – ұлт анасы



Қазіргі жана заманда ғаламтор арқылы түрлі ақпарат таралуда. Бұл ақпараттың барлығы пайдалы емес екендігі бізге мәлім. Қазақ

тәрбиесі мен салт-дәстүріне қарсы кері тәрбие де етене енді. Қоғамдық орындарда немесе көшеде жоқтыққа ұрынғандай, жыртқы, қысқа киім киіп, темекі шегіп, ішімдікке салынып, аузы былапыт сөзге толған қазақ қыздарын кездестіру бұрын ерсі көрінсе, қазір олар қоғамның бір бөлігі іспеттес. Темекінің түтіні мен ащы суға уланған қыздан туған баланың дені сау боларына кім кепіл? Қанымызда жоқ жаман қылықтың бәрі кенедей жабысып, ұлтымызды шетінен жалмап бара жатқаны шындық.

Ертеден қазағымыз қыздың абыройын көзінің қарашығындай сақтаған. Негізінде қыз баланың мақсаты ана бақытына кеңеліп, ұрпақ жалғастыру болып табылады. Алайда өмір ағымына қарай қыздардың да құндылықтары өзгеріп, ұлттық психология өзгеру үстінде. Кей

қыздардың мақсаты ақша табу, мансапқа жету, жақсы көлік міну, үй-жайлы болу болса, кей қыздар жеңіл жүріске бой үйретеді. Мұндайды көргенде жүрегің қалай ғана сыздамайды?

Мұның соны қазақ қыздарының ерте жастан жүкті болып, тағдырын ластауына апарайды. Ерте жастан опық жеген талай жасөспірім қыз құрсағына біткен баладан арылудың жолын іздеуде. Мұндайда түрлі айла-шарғыға баратын олар ақырында мүгедек, кемтар сәбилерді дүниеге әкеліп, ұлт саулығы тұрғысында қоғам дертіне дерт қосып отыр.

Міне, қоғамдағы осы жағдайлардың себеп-салдарына үңілген білім алушылар «Қазақ қызының бейнесін» жасады. Сонымен қатар олар топқа бөлініп, тақырыпқа орай кішігірім қойылымдар қойды.

Г.К. АТАНБАЕВА,
б.ғ.к., биофизика және биомедицина
кафедрасының аға оқытушысы;
Н. ХАМИТОВА,
1-курс магистранты

Студентка КазНУ Гузаль Сыдыкова завоевала серебряную медаль на чемпионате молодежи Казахстана по боксу среди девушек

ТЕРРИТОРИЯ СОТРУДНИЧЕСТВА, НОВЫХ ВСТРЕЧ И ПОЗНАНИЯ

На базе библиотеки Аль-Фараби прошла III-я Республиканская Зимняя психологическая школа «Психологические мастерские: здравоохранение, образование, производство».



Основная цель Зимней школы – развитие и повышение психологической компетентности в различных сферах профессиональной деятельности, укрепление профессионального сообщества.

В работе Школы приняли участие более ста пятидесяти специалистов-психологов из учреждений образования (вузов, школ, колледжей, центров), организаций здравоохранения, частных предприятий, а также студенты, магистранты, докторанты, преподаватели 15-ти вузов Казахстана.

Мероприятие прошло в формате психологического марафона, в три ленты, что дало возможность участникам побывать на трех мастер-классах, познакомиться с тремя направлениями практической работы.

Профессором З.Б. Мадалиевой проведена практическая «Арт-мастерская», где участники познакомились с плетением мандал, поработали с камнями, попробовали пальчиковое рисование.

«Я участвую в работе Зимней психологической школы уже второй год. Программа ЗПШ постоянно обновляется. Добавляются новые программы, приглашаются профессионалы-тренеры из разных отраслей психологии. Это позволяет практикующим психологам постоянно повышать свой профессиональный и личностный уровень. А для студентов это эффективный шаг в профессионализации», – сказала декан факультета экономики и права КАЗУ Майрам Григорян.

«Для меня это первая Зимняя школа. Мои ожидания оправдались! Уровень тренеров, полученные знания на высшем уровне. Планирую посетить следующую школу тоже. Как говорится: «век живи – век учись». Очень интересно было познакомиться и пообщаться со студентами-психологами из других вузов, из разных городов. ЗПШ – это территория сотрудничества, новых встреч и познания», – считает студентка факультета философии и политологии КазНУ Гулирехимам Бабаджанова.

«Сейчас я на 4 курсе. На первой и второй Зимней школе по психологии я присутствовала как участник. Программа Зимней психологической школы была разнообразной и насыщенной. А тематика семнадцати предложенных мастер-классов интересной и актуальной. Я считаю, что знания и опыт, полученные в ходе учебы и работы в группах, способствуют эффективному становлению нас как профессионалов. В этом году я принимала участие в работе Зимней психологической школы в качестве волонтера. Получила огромный опыт организации мероприятий такого уровня. Огромное спасибо организаторам за предоставленную возможность», – говорит студентка 4 курса факультета философии и политологии КазНУ Мира Сагынғали.

Оргкомитет III-й Республиканской Зимней психологической школы был представлен кафедрой общей и прикладной психологии, Центром психологических инноваций и технологий факультета философии и политологии КазНУ им. аль-Фараби.

**М.П. КАБАКОВА,
А.К. ФАЙЗУЛЛИНА,**
преподаватели кафедры общей и прикладной психологии

Орынбор қаласы Алаш қозғалысының тарихында маңызды орын алады. Орынборда 1917 жылы Қазақстанның ұлттық мемлекеттілігінің қалыптасу тарихында маңызды орын алған бірінші және екінші жалпықазақ съездері өткізілген. Қалада аталған съездер болып өткен тарихи ғимарат орналасқан. Алаштың көрнекті қайраткері, ақын, әдебиеттанушы, лингвист, аудармашы, публицист, ағартушы-ғалым, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұның өмірі мен қызметіндегі маңызды да мазмұнды кезеңі де осы қаламен тығыз байланысты. Осы орайда жуырда Әл-Фараби кітапханасында орынборлық тарихшы-ғалым Т.И.Тугайдың Ахмет Байтұрсынұның өмір жолы мен қызметінің орынборлық кезеңі жан-жақты баяндалатын «Оренбургский путь А.Байтұрсынова» атты монографиясының таныстырылымы болып өтті.

Тағалымды кездесу



Жиынға тарих, археология және этнология факультетінің деканы Мендігүл Ноғайбаева бастаған оқытушы-профессорлар құрамы, магистранттар мен студенттер қатысты.

Автордың бұл кітабында Алаштың көрнекті қайраткерінің жарқын бейнесі Орынбор эпицентрі болған Қазақстан тарихының маңызды оқиғаларының аясында көрсетілген. Тарихи шегініс жасар болсақ, Ресей ІІМ-нің Ерекше Кеңесі 1910 жылы 19 ақпанда Байтұрсынұлын қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Байтұрсынұлы Орынборға 1910 жылы 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. Байтұрсынұлы өмірінің Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Ол осы қалада 1913-1918 жылы өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлымен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Байтұрсынұлының Орынбордағы өмірі мен қызметі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауында болды. Ол «Қазаққа» жабылған негізсіз жала салдарынан абақтыға отырып шықты.

Ахмет Байтұрсынұлы 1920 жылы қазанда Орынборда құрылған Қазақ АКСР үкіметінің құрамына еніп, 1920-1921 жылдары Қазақ

АКСР Халық ағарту комиссары қызметінде болды. Осы Орынборда 1920 жылы қызметін бастаған Қазақстанды зерттеу қоғамында ғалым ретінде белсенді ғылыми жұмыстар жүргізіп, ғылыми орталықтың жетекші маманы болды.

1922 жылы Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың, 1922-1925 жылдары Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болып қызмет атқарды. Байтұрсынұлы түрлі мемлекеттік қызметке атсалыса жүріп, сонымен бір мезгілде өзінің жаны сүйген оқытушылық-ұстаздық жұмысынан да қол үзбеген. 1921-1925 жылдары Орынбордағы Қазақ халық ағарту институтында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді.

Сондай-ақ кітапта жоғарыда көрсетілген деректермен қоса, оның жасампаздық, мәдени-ағартушылық рөлі айқын көрсетілген. Оқу-ағарту және білім беру жүйесіндегі оның серіктестеріне елеулі көңіл бөлінген. Жана архив материалдары, тың деректер орын алған. Ғылыми-танымдық зерттеудің осы және басқа да ұтымды тұстары дөңгелек үстелге қатысқан профессорлар С.В.Любичанковскийдің, Г.С.Сұлтанғалиеваның монография жөнінде айтқан пікірлерінде атап көрсетілді. Жалпы бұл кездесу университеттің тарихшы қауымы үшін пайдалы да тағылымды болғаны даусыз.

Сабырхан СМАҒҰЛОВ,
Қазақстан тарихы кафедрасының
аға оқытушысы

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫТУШЫЛАР МЕН КІТАПХАНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!
«Ай Пи Эр Медиа» компаниясы – IPRbooks электронды-кітапханалық жүйесі университетімізде «Білім беру саласындағы заманауи ақпараттық технологиялар. Оқу үдерісінде электронды басылымдарды қолдану» атты тегін шеберлік сабағын өткізеді.

Шеберлік сабағының мақсаты: оқытушылар мен кітапхана қызметкерлерін IPRbooks ЭКЖ-нің мүмкіндіктерімен таныстыру, ЭКЖ-нің білім беру үдерісінде қолдану тәсілдері туралы хабарлар ету, жүйенің сервистері туралы айтып, оларды жұмыс барысында және білім беру қызметінде (есеп-қисап, оқу жоспарларын, әдістемелік нұсқаулықтарын жасау және т.б.) қолдану мүмкіндіктері туралы айту.

Шеберлік сабақ барысында студенттер мен оқытушылардың ЭКЖ-мен жұмыс істеу аспектілері де қарастырылады. Оқытушыларға Ғылыми цитата келтіру ресейлік индексі (Российский индекс научного цитирования) базаларында индекстелу (соның ішінде бұрын жарық көрмеген жұмыстардың), «Ай Пи Эр Медиа» компаниясы арқылы онда мақалалар жинақтарын, ғылыми жұмыстарды электронды түрде (сонымен қатар дискілерде) жариялау сұрақтары қарастырылады.

13 ақпан күні өтетін шеберлік сабағына өтінімдер 12 ақпанға дейін электронды пошта: rafkatova@kaznu.kz немесе rafkatova@list.ru бойынша қабылданады.

Толық ақпарат kaznu.kz сайтында

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Тілшілер: **Айнур АҚЫНБАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Дәуір" ЖШС РПБК-де басылды. Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 8 (727) 273-12-04

**Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №3041**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.